



ICBCB

International Conference
Building Cultural Bridges



2012

IV Мәдениеттер тоғысындағы
тіл, әдебиет, аударма және
журналистиканың мәселелері

конференциясы

I том



IV International Conference
Building Cultural Bridges
volume I



www.icbcb.kz

SU
SULEYMAN DEMIREL
UNIVERSITY

www.sdu.edu.kz



SULEYMAN DEMIREL
UNIVERSITY

IV Мәдениеттер тоғысындағы
тіл, әдебиет, аударма және
журналистиканың мәселелері
конференциясы

ICBCB

International Conference
Building Cultural Bridges



2012

IV International Conference
Building Cultural Bridges

www.sdu.edu.kz

www.icbcb.kz

УДК 811.512

ББК 81.2 – 7

М 35

М 35 «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 27-28 сәуір 2012 жыл. – Алматы: Сүлейман Демирел атындағы университет, 2012. – 498 бет.

ISBN 9965 – 792 – 05 – 4

Сүлеймен Демирел университеті Филология факультетінің «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты дәстүрлі конференция материалдарының кезекті жинағына қазіргі гуманитарлық ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелерді қамтыған мақалалар топтастырылған. Қай кезеңде де ғылым мен білімнің дамуы, белгілі бір деңгейде, халықтар арасындағы келісім мен мәдениеттер арасындағы рухани үйлесімділікке тікелей байланысты. Жинаққа белгілі отандық ғалымдармен қоса Қытай, Үндістан, Канада, Түркия, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан секілді алыс-жақын шетелдік ғалымдардың де ғылыми ізденістері, тұжырымдары кіргізілген.

Ғылыми жинақ жалпы ғылым сүйер қауымға, педагогтар мен ғылыми қызметкерлерге, докторанттар, магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

УДК 811.512

ББК 81.2 – 7

Бас редактор:

Месут Ақгүл – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

А. Кочак, Әмірғалиева С., Н.Оразалин, Д.Ысқақұлы, Гаипов Д., Ахметжанова З., Еркінбаев Ұ., А. Құрманәлі, Қасымова Л., Ә. Зәпір, Саудбаев М.

М 460202.0400

00 (05) - 09

ISBN 9965 – 792 – 05 – 4

Сүлейман Демирел атындағы университет, 2012

*Құрмет
конфере
Қадірме
Құрмет*

*Б
қалыпта
халқыны
жерінің,
айналып
ғылыми
ағымдар*

*Қ
болуы,
заңдылы
шешетін
бағыт а
айқында
әсер ет
көздерді
алу мүм
үйлесім
рухани-м*

*«
халықар
мен ұлы
себенті*

*Ізгі тіле
С.Демир
ректоры*

II секция
МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

II section
CONTEMPORARY ISSUES OF INTERCULTURAL COMMUNICATION IN
LITERARY STUDIES

1. Науаи және Абай Күмісбаев Ө.К.....	250
2. Аспекты литературной герменевтики Жаксылыков А.Ж.....	255
3. Академиялық әдебиет тарихының жасалуы. Д. Ысқақұлы.....	262
4. Алаш жәдитшілдігі және Исмаил Гаспринский Д. Қамзабекұлы.....	268
5. Проблемы создания общетюркских языковедческих и литературоведческих терминологических систем Каримов Б. Р.....	274
6. Түркі әдебиетіндегі терминдік жүйе (Йассауи шығармашылығы негізінде) И. Жеменей.....	278
7. Мағжан түркі дүниесінің ақышы Ө. Әбдиманұлы.....	282
8. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Жүсіпов Н.К., Баратова М.Н.....	290
9. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының тілі Қ. П. Жүсіп.....	297
10. Қытай қазақтарының “қос тілді проза” шығармашылығы жайында С. Дәулеткелдіұлы.....	301
11. Жазушы Харун Токак прозасындағы таным поэтикасы Ұ. Еркінбай.....	306
12. Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегіндегі мифтік желілер мен қазақ әдебиетіндегі байланыстар Мәуленов А.А.....	311
13. Женщины в современном японском обществе Нурсеитова Л.Д.....	315
14. Әдеби таным контекстіндегі жылқы ұғымы Омаров М.Е.....	318
15. Қайқауыс шығармашылығындағы танымдық мәселе Салықбаева М.Т., Кокеева Д.М.....	321
16. Қытай Таяу заман қазақ әдебиетіндегі айтыскерлік дәстүр С. Ысқақұлы.....	325
17. История узбекско-русских литературных связей Хашимова Д.М.....	328
18. Соңы сыр сұңғыла жыр Шойынжанова М.....	331

МАҒЖАН ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ АҚЫНЫ

Ө. Әбдиманұлы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор

XX ғасырдың бас кезі қазақ әдебиеті үшін өркендеудің басы болған, жазба әдебиетіміз жан-жақты дамыған, көркемдік танымның жаңа биігіне көтерілген кезең болып табылады. Осы тұста әдебиет ұлттық сананың оянуына өлшеусіз үлес қосып, ұлттық рухқа ереше серпін берді. Қазақ әдебиеті көркемдік ізденістер тұрғысынан да, жанрлық баю тұрғысынан да кемелдене түсіп, алашшыл әдебиеттің қуат күшімен ұлттың ұлы мұраттарын алға тартты. Сонымен қатар қазақ әдебиеті томаға тұйық күйде қалып қоймай, шығыс және түркі әдебиетімен тығыз байланыстарға түсіп, дәстүр жалғастығын жандандырды. Халқымыздың рухани-мәдени болмысы, соның ішінде әдебиетте орыс және батыс әдебиетімен байланыстарға түсіп, кәсіби әдебиет талаптарына жауап беретіндей деңгейде даму жолына қадам басты.

Бұл байланыстар сан-салалы болып келеді. Осы тұста төл әдебиеттің нәрін қанып ішіп, шығыс, батыс әдебиеттерінің озық үлгілерін әдебиетіміздің даму үдерісіне негіз еткен ұлттық әдебиетті тың өріске бастаған шығармашылық тұлғалар тобы шықты. Оның бастауында Шәкәрім, Ахметтер тұрса, Мағжан сынды бір туар дарындар ұлттық әдебиетті асқарға алып шықты десе болғандай.

Сондықтанда біз әдебиет тарихында айрықша орны бар, поэзия әлемінде толған айдай толықсып туған Мағжан Жұмабаев шығармашылығын XX ғасыр басындағы түркі әдебиетіндегі өзгеше құбылыс деп білеміз, солай бағалаймыз да. Бұл таласы жоқ, ақиқаттық шындық.

М. Жұмабаев поэзиялық туындылары арқылы қазақ лирикасы мен эпикалық жанрын өзге жарық та жарқын жолға салған әдеби мұра болып табылады. Мағжанның қазақ әдебиетін дамытудағы еңбегіне және әдебиетті өрісін кеңейткен жаңашылдығына осы тұрғыдан қараған жөн. Кезінде Мағжантанудың алғашқы кірпішін қалаған Жүсіпбек Аймауытов бұл туралы: «Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты» [1, 293 б.], – деп ақын ұстанымының көркемдік болмысын тап басып таныған болатын.

Ақынның өміршең әдеби мұрасының уақыт теңінен иілмей өтуінің де бір сыры осында жатыр. Қуатты классикалық дүниеге айналуының құпиясына да осы тұрғыдан үңіліп, үлгі-өнегесінің дәстүр болып қалыптасуының мәнін мен маңызын да осы сипаттан бағалауымыз қажет.

Жалпы Мағжан Жұмабаевтың ақын ретінде қалыптасу кезеңі қазақ тарихының отаршылдық дәуіріндегі ұлттық сана оянуы, оянған сана жетегінде жаңа жол іздеп, елді бостандықтың бозала таңына, жарық күнге шақыру дәуіріне тұспа тұс келді. Шығармашылық болмысы қия шынға қанат қақтырған талапты да талантты ақын аласапыран дәуірдің барша карама-қайшылықтарын жүрегімен сезініп, тарихтың тар жол, тайғақ кешуін бастан өткере жүріп жетілді. Тағдыр тезіне иілмеді. Талқыға салған тағдырдан қайрала да шындала түсті. Мағжан шығармашылығын идеялық тұрғыдан сынға алған С. Мұқанов өзінің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабының Мағжанға арнаған тарауының қортындысында: «Ақындық жағына келгенде мағжан, әрине, қазақтың күшті ақынжарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ» [2, 242 б.], – деп шындықты ашып айтады.

Саналы ғұмырын сөз өнері арқылы өмір мәнін түйсінуге арнаған ақын дүние-тіршіліктің сан-салалы құбылысын көркемдік шындықпен шырайландыруға ұмтылды. Шығармашылық ұстанымының өзі айқындаған сара соқпағынан еш айнымаған ақынды сол тауқыметі мол жылдар тез есейтіп, қиялына қанат, қаламына қайрат бітіріп, ұлттың ұлы ақынына айналар даңғылға алып шықты.

Бұл туралы кезінде академик С. Қирабаев: «Мағжан бүкіл ұлтқа тән ұғым – сезімнің, поэтикалық өнердің шекарасын кеңейтіп, қазақ әлемінің жан дүниесін ашып берді. Оның таза қазақтық рухы кімнен де болса жоғары. Мағжан суреткерлігі бүкіл қазақтың өмір үшін күресі мен қайғысын тұтас қамтиды. Халықтың сан – салалы тіршілігінің ол үшін бөтені жоқ. Бәрі де Мағжан қаламында өлең боп ойнап, сыңғырлап, сылдырап, жалтырап кетеді. Барлық ұлы ақындар сияқты,